

ЭККУРСИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ӘДІСІ

Мәдениеттану пәнін оқытуда тиімді, әрі нәтижелі оқыту әдістердің негізгісі. Сабақты меңгеру барысында өтетін тақырыпқа сай музей, театр, галерея, мешіт, шіркеу немесе басқада мәдени орындарға барып, сабақ өту әдісі. Студенттердің көзбен көріп, қолмен ұстап оқыған сабағы әлде қайда нәтижелі болып, ұзақ уақыт санасында сақталатындығымен ерекшеленеді.

Экскурсиялық білім берумен бірге студентті тәрбиелеу процессі қатар жүреді. Әр адам өзінің статусына сәйкес рөлдерді ойнайтындығы анық. Бір мезетте студент бірнеше рөлді сомдайды.

Экскурсиялар тек қана музей, театр ғана емес, кәсіби өнеркәсіптік, ауыл шаруашылық кәсіпорындары, қару жарақ, жан-жануар, өсімдік, яғни, фауна мен флораға және тағы басқа кез-келген тақырыпқа байланысты музейлерге барып та білім алуға болатындығын ұмытпаған дұрыс.

Экскурсовод немесе гид әр экспонат туралы жан-жақсы деректермен бөліседі. Қолмен көрсетеді.

Экскурсиялық білім беру педагогикалық процесс ретінде өзінің көрнекілігімен, экспонат туралы мәліметтерді әңгімелеу түрінде жеткізеді.

Экскурсиялық білім берудің маңызды бөлігіне теориялық алған білімін санада бекіту, тереңдету.

Экскурсия біткеннен кейін, көбінесе, келесі күнде топтың қатысуымен экскурсияның мазмұны талқыланып, алған әсері қағазға түседі. Еркін түрде эссе жазуда тақырыптың маңызын ашады.



Экскурсияның соңында студенттердің қаншалықты меңгергендігін тест жүргізу әдісімен анықтауға болады.

Экскурсиялық білім беру барысында гид-экскурсоводтың аудитория алдындағы жылы шырайлығы, терең білімділігі, мәдениеттілігі, өзін өзі ұстау мәнері, өзін еркін сезінуі өте маңызды қасиеттер.

Экскурсиялық білім берудің тиімділігіне – танымдық қырын айтсақ болады.

Экскурсия жүргізушінің шеберлігі мен педагогикалық техникасына да мән берген жөн. Әсіресе, шешендігі, сөйлеу мәнері, интонациясы айқын болуымен қатар, экспонат туралы аңыз-әңгімелерді, тарихи оқиғаларды қосып қызықты жеткізе білуі де аса қажет қасиеттер.

Талқылауға арналған сұрақтар?

1. Қандай Музейге барып экскурсовод, гидтің қызметін алдыңыз?
2. Болашақта экскурсовод болу ойыңызда бар ма?
3. Қазақстан Ұлттық Музейіне барып, алған әсеріңізбен бөлісіңіз?